

19.12.2024 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балалық бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында семинар-практикум өткізілді.
Семинар-практикум тарапымы: Ереженова Гульнур Шалқарбековна
Хатшы: Бозгулова Айзада Мендильдаевна.

Қатысуда тиіс-24 педагог

Қатысқаны-24 педагог

Күн тақырыбы:

Ортаңғы топ балаларының коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Мақсаты:инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

1. Баяндама: «Ортаңғы топ балаларының коммуникативтік дағдыларын дамыту.» /ортаңғы топ тәрбиешісі –Бозгулова Айзада /.

2. ҮІӘ:«Менің отбасым » / ортаңғы топ тәрбиешісі –Кумекбаева Мира/.

3. ҮІӘ: «Қыс қызығы » / ортаңғы топ тәрбиешісі –Сапарова Жаналыс /.

4.ҮІӘ: «Қыс мезгілі» / ортаңғы топ тәрбиешісі –Елеева Күлзада /.

5. ҮІӘ: «Үй жануарлары» / ортаңғы топ тәрбиешісі –Сүндетова Жадыра /.

Тыңдалды:Күн тақырыбы бойынша «Балдәурен» ортаңғы топ тәрбиешісі – Бозгулова Айзада сөз алды:

-Қазіргі білім беру кезеңінде баланың тек білім алып қана қоймай ,өз ойын еркін жеткізе алуы , құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым- қатынас жасауы басты талаптардың бірі.Коммуникативтік дағдылар баланың тұлғалық дамуының ,әлеуметтік ортаға бейімделуінің негізі.

Креативті тәрбиеші үшін коммуникацияны дамыту тек сабақ барысында ғана емес , ойын,күнделікті қарым- қатынас ,шығармашылық әрекет арқылы жүйелі түрде жүргізілетін процесс.

Коммуникативтік дағдыларға өз ойын сөзбен жеткізу,тыңдай алу және түсіну,сұрақ қою және жауап беру,эмоцияны білдіру,топта жұмыс істей алу жатады.

Күн тақырыбы бойынша сөз кезегі «Балдәурен» ортаңғы топ тәрбиешісі- Кумекбаева Мираға берілді:

- ҮІӘ: Қазақ тілі.

ҮІӘ тақырыбы: Менің отбасым

Қолданылған технология: АКТ,ойын,денсаулық

Мақсаты:Балалардың Отбасы туралы білімдерін кеңейті.Отбасында кімдер тұратынын ,отбасы мүшелерінің мие істей алатынын айта алуға үйрету.Сурет бойынша сөйлем құрау.Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білу.

Әдіс- тәсілдер:Мнемотехника,интервью,ойын әдістері.

Ресурстар:интерактивті тақта,калам,көрнекі суреттер,қазақ тілінің магнитті тақтасы.

Ғажайып сәт: Балапан телеарнасынан Білімпаз Ата.

Қолданылған ойындар: Кімді көріп тұрсың ? Кім не істейді? Санамақтар,жоқ адамды тап .

Күтілетін нәтиже:Отбасы мүшелерін атайды,олардың не істейтінін біледі.

Үлкенге құрмет,кішіге ізет қағидасын түсінеді.Суреттерді сөйлетіп,отбасы мүшелерін өз атауларымен ажырата алады.

Күн тақырыбы бойынша сөз кезегі «Балаусы» ортаңғы топ тәрбиешісі- Сапарова Жаналысқа берілді:

- ҮІӘ:Көркем әдебиет

ҮІӘ тақырыбы: Қыс қызығы

Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,әлеуметте қарым -қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Әдіс -тәсілдер: ойын технологиясы,сұрақ-жауап,көрсету.

ҮІӘ барысы:Жұмбақ:

Өзі сондай аппақ

Жердің бейін жапқан.

Қыста ғана болады

Үстасаң қолың тоняды. (қар)